МАХАМБЕТТІ ТАНЫП БОЛДЫҚ ПА?

(Махамбет ақынның шешендігі хақында бірер сөз)

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалалары- сананы сілкіндіретін, ойды отарсыздандыратын, жадыны жаңғыртатын, тарихты тұлеретін, өнер атаулының өрісін кеңейтетін, ұрпағымызды еркін тыныстатар келелі кемел бағдарлама. Осы тұрғыдан келгенде тарихымызды тану, зерделеу, таразылау – тағдырымызды, бүгінгі тұрпатымызды тану, келешегімізді бағдарлап, алдағы жүрер жолымыздың сілемін табу. Халқының басына түскен тауқымет қабырғасын қайыстырып, сол жолда басын басекеге тігіп, қасықтай қанын алмай, шыбын жанын шүберекке түйген ер тұлғалардың тағдырын танытатын да, ұрпаққа өнеге етіп, алдына тартатын да – тарих (Махамбет елі-Makhambet mothekeand – Родина Махамбета, Алматы, «Өлке» баспасы, 2003.-9-6.). Осы сапта сараласақ, Махамбет бабамыз – қайталанбас Тәуелсіздік тұнары, арымас Алаш арысы, бұлқынған асау намысы. Елбасының Махамбет сынды тұлғаны рухани ұранымыз, қазақ жырының ар-намысы тұрғысында жоғары бағалауға Мәңгілік ел келешегі жалынды жастарымызға мәлім.

Жалпы түркі мәдениеті, дала поэзиясы небір таңғажайыптарға толы. Мәселен, сонау ежелгі Греция кезінде дала жыраулы, сахара шайыры, Сақ хандазасы Анахарсистің ой ұшқырлығы мен тапқырлығына тәнті болғаны мәлім. Егер де ой-қазына десек, бұл б.з.д. V-VII г.г. бағзы мәдениет бұлақтарынан, арғықазақ

арналарынан тарқатылады. Анахарсистің жақсылық та, жамандық та тілден екенін дәл мөлшерлеп, жалған сөзді желге ұшқан сөз деп ұғып, теңіздің дәмін тамшысынан аңғарып, ақыл атасының ақиқаттығын мәңгеп, теңізге шыққандардың ажалдан өздері мінген кеменің қалыңдығындай ғана қашықтықта жүретіндігін аңғартып, ашуланған адам алдымен өз басына жамандық тілеп алғанына көз жеткізуіне қатысты сөз мұрасы дүйім өркениетке танымал. Сол саптасынып айрықша өрнегі, ой тұжырымының жымдастығы оны Солон, Фалес, Бизант, Клеобул, Эзоп сынды ұлы грек ойшылдарының ерекше деп, пікірталастарда озық шығарып, көпшіліктің назарына іліктірген, даңққа бөлеген (Махамбет. Жыр-жебе. Алматы: Дайк-Пресс, 2002.-5- б.).

Күлді түркілерге түгел ортақ ауыз әдебиетіне тән заңдылық қазақ поэзиясында, әсіресе, Махамбет поэзиясында тұтастай табиғи үндестіктен көрініс тапқаны ғажап. Махамбет ақынның оқи да, жаза да білетініне дәлел-дерек мол, десек те ол өзінен бұрын өмір кешкен, «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер, Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер?!», «Бұл заманда не ғаріп?.. Жақсыларға айтпаған, асыл шырын сөз ғаріп», «Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама» деп жырлаған Асан қайғы (XV г.), өмірмен қоштасқан сәтінде жасы әлі отызға да толмаған, «Қоғалы көлдер, қом сулар, қоныстар қонған өкінбес, Жұпарын қардай боратып, арулар құшқан өкінбес, «Тоғай, тоғай, тоғай су, тоғай қондым, өкінбен, Толғамалы ала балта қолға алып, топ бастадым, өкінбен...» дейтін Доспамбет жырау (XVI г.), қазақ жыраулық поэзиясының атасы, «Жақсының жақсылығы сол болар, жаманменен бас қосып, сөйлемекке ар етер, Жаманның жамандығы сол болар, сөйлесе дайын бетін қара етер», «Шағырмақ бұлт жай тастар, Ағытқан қойды жол бастар, Ақ желкенді жел бастар, Ғадыл төре ел бастар, Батыр жігіт қол бастар, Шешен адам сөз бастар», «Жапалақ ұшпас жасып тау, Жақсылардың өзі өлсе де сөзі сау. Ойлап тұрсам жаманның, жалаңдаған өз басына тілі жауа, «Дұшпанға белінді шешіп иланба, Ілантып тұрып өлтірер», «Бұркіттен қыран құс болмас, Баулы жетпей бері алмас. Бидайқұтан алғыр құс болмас, Қаумысының қатпай ұша алмас» деп ұн қатқан Шалкиіз ақын (1456-1560 ж.ж.) шығармаларын арқау ете отырып, ауызша шығармашылыққа ден қойды. Біздіше, махамбеттанудағы бұл реттегі зерделеу ісі өз жалғасын тапса игі (А. С. Қыдыршаев. Махамбет поэзиясы-рухани құндылықтар көзі// IX Махамбет оқулары. Республикалық ғылыми – тәжірибелік конференциясының материалдары. М. Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал, 17 қараша 2017 ж., -12-б.).

Дау жоқ, Махамбет өзін ғана емес, күлді ұлтты асқақтатты. Махамбет феноменін ұлтты оның ақынымен бағалау тұрасындағы тұжырым дәл көрсетеді. Десек та, кәсемсөздегі жазушы-драматург Рақымжан Отарбаевтың тұжырымы ащы, ашы болса шындық. Мәселен, жазушы кезекті бір сұхбатында: «Жазушаның он жыл бойын республикалық конкурсқа екінші орын алса да, алғашқыда ешбір театр қоюға тәуекел етпеген

«Бас» деген пьесам бар. Махамбетке арналған. Режиссерлер оқып көреді де, осының ішінде бір пәле бар, мағилық күшке не дап қашып шығады. Өзім де таңдым. Осы аттас романды аяқтадым. Оның ішінде тірі Махамбет жоқ. Айқай соғыс жоқ. Бүгінгі күннің пенделік тірлігі суреттеледі. Оқиға былайша өрбиді: Махамбеттің сүйегін Қарәойдан кезінде антрополог Нозль Шәрхметов қазып алған. Бас сүйегіне қарап мүсінін жасаған. Хош! Сосын Маскеуге көшетін боп. «Махамбеттің бас сүйегін алып қалыңдар» деп талай құзырлы мекемелерді жағалаған. Бәрі де ат-тонын ала қашқан. Демек, бу қазақта Махамбеттің ақындығы, атақ-даңқы керек. Күйі керек. Ал, бас сүйегі қажет емес. Солай ғой. Сөйтіп бас жоғалды. Өзге сүйегі бөлек жатқан, ол да жоғалды. Екеуі екі жертөледен бөлек-бөлек 14 жылдан соң табылды. Міне, біздің ұлы тұлғаға қатысты құрметіміздің түрі. Осыдан соң тәуекел етіп, бу қазақта сеніп өліп көр», - деген-ді. Ойланатын тұс.

Ескерер тұстың бірі, Махамбеттің өлмес мұралары бізге әлі де түгелдей жеткен жоқ, ал жинақталған және жарияланған жырлары әлі де зерттеушілердің, тіл мамандарының айрықша зейінін ауарыуын қажет етеді. Мәселен, махамбеттанудың қай тұсы ескерілмей жүргендігі хақындағы сауалға қаламгер Рахымжан Отарбаев: «Бір нәрсені айтайын, өлеңдерінде жүйе жоқ, өлеңдерін көбейту үшін, бір өленнен үш өлең жасаған тұстары бар. Үзіктері жалғанбай жатқан өлеңдер бар. Біреу кандидаттық қорғайды, біреу докторлық қорғайды, әрі қарай ұмытады. Мен интервьюмде айтып. Ол кезде мектепте оқимын, уйге Махамбеттің өлеңдерін жатқа оқуға берген. Махамбеттің өлеңдерін кітаптан жаттап отырмын. «Шыға алмаған далаға-ай, Міне алмаған алаға-ай, Атаңа нөлет Жәнгір хан, Иісі қазақ баласын, Көзінен үзіп айдады-ау. Орынбор деген қалаға-ай». Әжем: «Кімнің өлеңі?» - деді. «Махамбеттің өлеңі»,- дедім. «Үкімет те зұлма келгенін айта береді екенсің,- деді. «Мынау - біздің әжелеріміздің өлеңі. Қара қазақ баласын оқытып, онымен қоймай оқуға жіберіп, сонда орыстың даласына алып кетканде айтқаны ғой. Қайдағы Махамбеттікі?» – деді.

Махамбет бабаға тағылымы – телегей теңіз. Мәселен, Махамбет сынды арқалы ақынның өмір өткелдері тұрасындағы өлеңмен өріліген шағын энциклопедияның өзі бір дүние. Ақындар өр тұлғалы киелі сөз иесі Махамбет бабамыздың тұрліше сипаттайды: «Елінің кекке туған өр перзенті», «Тас тескен оғы да оқ, сөзі де оқ, Жауына болды атылған өзі де оқ! Бетпе-бет ханмен қарсы қатысқанда, Оқтай бір атылмаған сөзі де жоқ», «Халқының құйған құрыш көк қалқаны!» (Тайыр Жароқоқ, «Махамбет туралы аңыз»); «Далама біткен бигіні!», «Бұлт тіреген тірегім!», «От зұмзды орақтым, Жауға шапқан жарақтым», «Тұмасы жарық жұлдызым, Тұлғасы алып шың-қызым», «Жыр сапырған дауылсың», «Сен қырдағы заңғар тауысың», «Сен бейне мұздабалақ қырансың, Қанатыңмен тас жарып, ажалын күткен қиядан» (Қалижан Бекхожин, «Махамбет қбірінде гебіреніс»); «Жасын бол тұскен жазуын тебесінен, Нарынның наркескендей қос арысы», «Исатай – батырлардың батырындай, Махамбет – ақындардың ақынындай», «Жығылмайтын жалау жыр жадыңдағы» (Сағынғали Сейітов, «Біртуар мақтанышы халқымыздың»); «ербір сөзің, о, баба, тоске тұскен бағдада», «Күм Нарында сыңсып жел, әлі сені жоқтайды», «Жүйкіген жұас жарлының, шылбырдай естің жігерін», «Жетеу деп жауық мұратқа, сілтеді балта ежемен... Өтпеді қару бірақ та, өзіңнен туған өлеңге! (Қадыр Мырзалиев, «Махамбетқа, « Ежемге біткен иір бұтақ»), «Тұлғасының өзі

– жыр-шабыт!» (Фариза Оңғарсынова, «Тұс немесе Махамбетпен қалай кездестім»), т.б. Қуанарлығы, Махамбет сынды айбарлы Ұлт ұлының қасиеті хақында ауыз толтыра кең тыныспен кеуде кере айта бергің келеді, айта бергің келеді. Асыл туған баба қасиеттілігі осында болса керек-ті (А.С.Қыдыршаев. Ұлттық шешендік өнер және Махамбет// «Орал өңірі» газеті, 25 шілде, 2013 ж.,- 8-б.).

Қазақ халқы шешендік сөздерінің табиғаты ерекше. Оған тек таңдай қағып тамсану аз, тұңғиығына терең сүңгіп, түсіну керек. Ұлттық шешендік сөздердің таңғажайыптығы көлемінің шағын, сөйлемінің ықшам болуында; тыңдаушысын жалықтырмай, зеріктірмей ұйытып, үйіріп әкететін әсерлі келуінде; шешендік сөздердің қысқа болғанымен, мақал-мәтел емес, бір оқиғаға байланысты туып, белгілі адамдардың атынан айтылған сөз екендігінде. Шешендік сөздердің құндылығы тек шындығында емес, ойының тапқырлығында, қиядан жол, қиынған сөз табуында; шешендік сөздердің тартымдылығы тапқырлығымен бірге батылдығында, ойының қисынды, сөздерінің мәнділігінде. Демек, шешендік күші шындықта, шындықты тартымды ой, шебер тілмен тыңдаушыларға жеткізе, ұғындыра білуде. Нәтижеде тек сондай көркем тіл, жүйелі оймен батыл айтылған және мақал, нақыл сияқты белгілі халық даналығымен шегеленген шешендікпен, тапқырлықпен өрілген көркем сөздер ғана тыңдаушының ақылын баурап, сезімін тебіренте алмақ (А.С.Қыдыршаев. Махамбет ақынның шешендігі хақында // М. Өтемісұлының 210 жылдығына арналған дәстүрлі « V Махамбет оқулары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Орал. 2013.-48-50-б.б.). Ал ата-бабамыздың шешендік мұрасының ұрпақ атауына жұмысы болар өнегелік-тағылымдық қыры сөздің құдіретті күшке ие екендігін аңғартуында; сөздің өзіндік болуы, дәмі, әдам сезіміне әсер етерлік қоңыр иісі бар екендігін, ал оның күші даусы ырғағы арқылы берілетіндігін танытуында; даусы үнділігінің тұлға атауының өр қилы, әр қырлылығын танытатын басты құрал екендігін, шешендіктің ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтін, қисынды ойға сыйғызу екендігін аңғартуында; сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жандайға түсіріндігі орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізуінде; түспалдан сөйлеуге, меңзеуге, бернелеуге, символдауға, басқаша айта отырып, нені нысаналап отырғанын жасыра айтуға, жұмбақтап айтуға, ғана, терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуінде; шешендік айтыстың арқауы астарлы сөз десек, астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын. ойлау қабілетімізді аса терендететін құбылыс екендігін аңғартуында; тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуында; өзгені тыңдауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жен сілтеуінде (А.С.Қыдыршаев. Шешендіктану. – Орал: «Ағартушы» баспасы, 2004.-156 б.).

Демек, халық шешендік сөздері – ұлттық құндылық көзі. Қазақ халқының шешендігі – ұлт тектілігінің белгісі. Шешендік сөздер – халық өміріндегі, ел ішіндегі алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың тұнбасы. Ал, осышама қазынадан нәр ала өріліген Махамбет баба толғаулары, өлең-жырлары шешендік өлірімдерге, тапқыр ойларға толы. Тізе үсынсақ, «кейбірі төмендегіше: «Аз сөйлер де көп тыңдар қас асылдың баласың; «Жаманнан туған жақсы бар,

Атасын айтса нанғысыз. Жақсыдан туған жаман бар, Жаранды бір теріге алғысыз»; «Ежелгі дүшпан ел болмас, Етектен кесіп жең болмас»; «Түлейді түнде жортқан жолбарыстай»; «Арпа жемес арымақ, Ақ селеу отқа зар болар»; «Арғымақтың баласы арығанын білдіреді», «Хас жақсының баласы арада тұрып сөйленеді»; «Жақсыменен дос болсаң, басыңа қиын іс тұссе, алдыңнан шығар өбектеп, жаныңа не керек деп»; «Жаманменен дос болсаң, басыңа қиын іс тұссе, басқа кетер бөлек деп, қолдан берер есептеп, сыртыңнан жүрер өсектеп»; «Арғымақтың баласы аз оттар да, көп жусар»; «Азамат ердің баласы аз ұйықтар да көп жортар»; «Ат - жігіттің майданы», «Қылыш -жанның әрменің»; «Білім - хақтың пәрменің»; «Біткен істің міні жоқ, бітірген ердің кемі жоқ, тура жақалдың емі жоқ», «Ереуіл атқа ер салмай, Ергеулі найза қолға алмай, Ерлердің ісі бітер ме?»; «Тебінгі терге шірімей, Терлігі майдай ерімей, Алты малта ас болмай, Өзіңнен туған жас бала, Сақаны шығып жат болмай, Ерлердің ісі бітер ме?!»; «Өзегі талып ет жемей, Ер төсектен безінбей, Ұлы түске урынбай, Тун қатып жүріп, тус қашпай, Ерлердің ісі бітер ме?!»; «Тебінгі теріс тағынбай, Темірқазық жастанбай, Қу толағай бастанбай, Ерлердің ісі бітер ме?»; «Тұырғыны жоқ тұл үйге, Ту байласаң тұрар ма?», «Берікіпін садақ асынбай, біртіндеп жауды қашырмай,.. халыққа тентек атанбай, үйде жатқан жігіттке, төбеден тегін этақ болар ма?»; «Атақты ермен бірге өлсе, жігіттің болмас арманы, Өте шыққан қызыл гүл, бу дүниенің жалғаны»; «Жүйрік аттың белгісі, Тұрады күйрық-жалындар»; «Ат туды байталдан, Ат деніз, лебіз қайтарман. Халық қайғысын айтуға, Хан ұлынан тайсалмаң»; «Аруана жисаң жарасар, Ұлы күнде сапарғаң»; «Мұсылманшылық кімде жоқ, Тілде бар да. дінде жоқ»; «Кешпелі даулет кімде жоқ, Бірде бар да, бір де жоқ»; «Туған ұлдан не пайда, Атаның жолын қумаса?!»; «Алаштың байлығынан не пайда, Тарығып келген ерлерге қайғы оның болмаса?!»; «Алтын тақты хандардың, Хандығынан не пайда, Қаріп пенен қасірге, Туралық ісі болмаса?!»; «Бағаналы терек жарылса, Бақырап жамап болар ма?!»; «Кәрісі кімнің жоқ болса, Жасы болар дуана»; «Бір сынаған жаманды екіншілей сынама»; «Ермін деген жігітті кеңшілікте сынама»; «Әлпешті ұлық жат болмай,.. Бұзбай құлан пісірмей, Мұз үстіне от жақпай,.. Қақ жүректен найза түйретпей, Найзаны күнге құратпай,.. Қабырғасын бір-біріндеп күйретпей, Әлі де болса қорқа алмаң; «Мен келелі қара бұлтпын, Келе жаумай ашылмаң»; «Табаны жалпақ тарланбоз, Шабарында есінерде»; «Шын ажалың жетпесе, Ажалдан бұрын өлмессің, Жаланаш бар да жауға тиз»; «Асыл туған арулар, Жанын пида етпей ме, Шын сүйіскен теңі үшін?!»; «Қылыштай қиыр алмас ем, Шарға шауып мұқалдым, Сұзрыуы қанық көк сүңгі ем, Сұғуын таппай тот алдым», т.б. (А.С.Қыдыршаев. Ұлт феномені Махамбет Өтемісұлының шешендік тағылымы // Ғылыми жинақ. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, 2014.-80-84-б.б.).

Барлап-байқағанымыздай, Махамбет жырлары қызып сөзден ада, оған ақылгөйісу мүлде жат. Ғылыми байландарға бойлай айтсақ, Махамбет поэзиясы – ерлік симфониясы, онда арғымақтардың дүбірі, сынған қабырға мен опырылған найзаның сытыры, күміренген күрсініс пен пәршеленген дененің соңғы ұрсыны, жауынгерлік шақыру естіледі. Ақынның күлді жырлары біртұтас ритмикамен, бір желімен, бір екпінмен өрнектелген. Олар бейне бір полотнода ғана емес, партитурада да сұранып тұрғандай.

Қазақ елі – өз бостандығынан сөз бостандығын кем көрмейтін және сөзді қадірлей білетін халық. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Жақсының ісін бетіне айт, нұры тасысын, жаманның мінін батыра айт, қуты қашсын» тұрғысындағы мақалдарды ұлт даныштандары тұдырған. Өз тұсында атақты қазақ феномені Шоқан Уәлиханов дұшпанған тәйсалмай сөйлейтін шешендікті қанал бұзған ерлікпен қатар санаған. Зерттеуші айтқан ерлік, шешендік қасиеттердің барлығы да бір Махамбет басынан табылғандай. Оның ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі болуы мен батырлығын білай қойғанда, хан-сұлтандарға қайтарған жауаптары, жазған хаттары мен өлең-толғаулары – ерлік пен шешендік өнердің айқын да озық үлгісі. Әлемге әйгілі әуезовше қайырсақ, Махамбет – «соғыста – батыр, сөзде – от ауызды, орақ тілді дегендей жалыңдаған алғыр шешен». Сөз зергері Зейнолла Қабдолов: «Исатай – ақылды көсем би, Махамбет - от ауызды, орақ тілді шешен», - дей келе: «Батыр жұмн бұрқанған күшке, бұла қайратқа, шиыршық атқан жігерге, ізалы ашуға, ашулы ақылға, ақылды нақылға толы өлең-жырын тұтастай алғанда өзінің автопортретіне айналдырды. Өйткені оның «қорғасынман құйылған» ап-ауыр ар сезінен өзін танимыз. Конкретін архаизм да емес, жаңаратын неологизм де емес, нақ екі арадағы екеуіне бірдей егене, еркін, есіл мағыналы ерке де серке сөздерді қайдан ғана іздеп тауып, қалай ғана ағыл-тегіл, ақпа-төкпе өлеңге өріп жібергенне таң қаласың. Контекстегі ар сөз әрін де, нәрін де келтіретін оның дәл тауып, ойнап тұр», - деп толғайды. Ұлама ғалым-жазушылар айтса айтқандай, Махамбет құдай берген талант-күдіретінің арқасында аз ғұмырында өзі басынан кешкен өмір өткелдерін өнер-қасиетке көшірген де, мәңгілік өлеңге айналдырып, ұрпақтан-ұрпаққа тірілердің бәріне-бәрімізге түгел жаттатып кеткен.

МАХАМБЕТТІ ТАНЫП БОЛДЫҚ ПА?

(Махамбет ақынның шешендігі хақында бірер сөз)

Махамбет батыр ерлік ісімен, үлгілі сөзімен халық шешендігіне қаһармандық рух дарытқан. Ол – халық алдында хан-сұлтанды әшкерелеп, тайсалмай сөйлейтін жауынгерлік шешендік сөзге үлес қосушы. Ал, Махамбеттің шешендігін танытатын анықтаушылар, шешендік сөздер көп. Мәселен, Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға қайтарған жауабы төмендегідей:

– Әй, Махамбет! Исатайдың жауға алынарын, өзіңнің қаңғыш қаларыңды білмедің бе? Ханыңмен қалайша араз болдың? Қане, баяндашы!-дейді Баймағамбет.

– Ей, Баймағамбет! Ханы қарам болса, елге бүлік, тәңір қаһарланса, жерге бүлік, Исатайдың жауға алынғаны, менің жалғыз қалғаным – атаңа нәлет өздеріндей жауыз хандардың, қарны жуан билердің өлімізге салған бүлігі емес пе?! – деп жауап береді Махамбет.

– Ей, Махамбет! Нарынға сыймадың, Маңғыстауға сыймадың, саған жер беті тар келді, енді аспанға ұшамысың?

– Ей, Баймағамбет! Аспанды жаңбыр бермейді, жерді Жаңғыр бермейді, Еділді қалмақ бермейді, Жайықты қазақ-орыс бермейді, Нарыннан хан-төре қоныс бермейді. Оны өздеріндей жауыз хандардың көзі көрмейді. «Кел, Жаңғырды шауып өлтірейік» деп едім, Исатай ерік бермейді, енді қайтейін?!

– Ей, Махамбет! Тағы не айтасың? Сені жырау дейді ғой!

– Иә, Баймағамбет! Бірақ менің тілім екі айыр алмас қой. Біреуі тілім кетсе, ханымы деп қаһар қыларсың. Мен қаңғырыған деп қарап тұрмаспын, сенің бәсіңды ағармын. Мен өлсем ештеңе етпес, өздеріндей хан өлсе, дауы біттес. Мен – аспандағы жұлдызбын, Баймағамбет маған қолың жетпес. Атаңа нәлет хандар мен жауыз құрбыларың айтқан сөзі естен кетпес,- деп келіп,

лана білгені анық. Мәселен, Еңсесі биік ақ орда, Еріксіз кірсем деп едім! Керегесін қиратып, Отын қылсам деп едім! Туырлығын кескілеп,Тоқпын етсем деп едім! Немесе: Желп-желп еткен ала ту, Жиырып алар күн қайда?Орама мылтық, тарс ұрып, Жауға аттанар күн қайда?Жалаулы найза қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда?(С.Негимов. Махамбеттің шешендігі /Махамбет және әдебиеттану. Зерттеулер. Алматы, «Арыс» 2004.-82-83-б.б)

Біз танған Махамбет – тәгілген тармақтардың, тегеурінді тіркестердің ұстасы. Мәселен, Махамбеттің

атақты «Мұнар да мұнар, мұнар күн, Бұлттан шыққан шұбар күн...» деп басталатын жырын толғап кетеді. Осы секілді Махамбет жыраудың өрбір сөзі шешендікпен басталып, ақындықпен аяқталады.

Бұл орайда белгілі әдебиеттанушы ғалым С. Негимов: «Сахара сайқыңдарын Махамбетке тағдыр мұздан төсек, бұлттан шатыр, мәрт жаратылыс беріп, оған ақындық, жыраулық, тапқыр шешендік, күйшілік өнерді бұйыртқан. Задында, соғыс өнері және күй өнері Махамбеттің бір басында сұлу үйлесім тауып тоқайласқан. Ол Қазтуған, Доспамбет, Марқасқа сынды ұлы жорықшы жырауларының дастұрлерін сәтті сабақтастырып, олардың мәдени-рухани болмысын бойына түгелдей дарытқан деуге болады. Әрі Ұлы Даланың діламар-шешендері Кет-Буға бидің, алғыр тілді Алшын әйтеке бидің, Мәнке бидің, Көсеу бидің, Бөкен бидің таңғажайып өнегелі толғамдарын жадына берік тоқыған. Олар толқынды топтың ішінде шешендік-билік сөздерін тұдырса, ол Махамбет ұрыс үстінде алмас семсерін жарқылдата жүріп, тосыннан туған, тапқырлыққа суарылған, көктен сауалған нұрдай асыл сөздерімен сарбаздарын ерлік-қаһармандық қимылдарға ұндеген. Елдің есендігі, жер-судың тағдыры үшін шешендік интонацияға негізделген жыр-толғауларын тұындатқан. Әлбетте, мұндай тұйдек-тұйдек толғаныстар кәнігі қара өлең ырғағымен емес, тақпақтата, ескертете, мақамдата айтылған. Сөз құдіретін барынша екпінді қуатпен дауыстап жеткізуге пайымталған,- деп жаза келе:

«Садағына сары жебені саңдырған,
Садағының кірісін
Сары алтыннен мандырған,
Сұр жебелі оғына
Тауықтың жүнін қойдырған,
Мәңгейнен сары сусар көрік басқан,

Жауырынына күшіген жүнді оқ шаныштқан («Тарланым»). Бұл – ауызекі сөйлеу үлгісінде, яғни, діламар-шешендердің сөз саптау, ой толғау үрдісінде шығарылған. Махамбет сұңқарша саңқылдамаса, сөзі алмастай жарқылдамаса, діламар-шешендердей тереңнен толғанбаса, суреткерліктен сипаттамаса, санаткерліктен салмақтамаса, көрегендіктен болжамаса, көсемдіктен бастамаса, бұмқанған керемет кесек сөздер туар ма еді?!» – тұрғысында толғатады. (С. Негимов Махамбеттің шешендігі. /Махамбет және әдебиеттану. Зерттеулер. «Махамбет әлемі» сериясы, 15-том, Алматы, «Арыс», 2004. -86-87-б.б.).

Махамбет мұрасында шешендік толғау, шешендік нақыл, шешендік арнау түрлері молынан кездеседі. Мәселен, шешендік нақылға бір мысал: Бұл дүниенің жүзінде, Айдан әру нәрсе жоқ, Ол түнде бар да, күндіз жоқ. Күннен әру нәрсе жоқ, Ол күндіз бар да, түнде жоқ. Мұсылманшылық кімде жоқ, Тілде бар да, дінде жоқ. Кешпелі дәулет кімде жоқ, Бірде бар да, бірде жоқ.Не болмаса ақын поэзия тілінің мәнерлілігін, әсерлілігін күшейту мақсатында риторикалық сипаттауға лепті, сұрауды, арнауды сөйлемдерді шебер де ұтымды пайдаланады. Мәселен, Еңсесі биік ақ орда, Еріксіз кірсем деп едім! Керегесін қиратып, Отын қылсам деп едім! Туырлығын кескілеп,Тоқпын етсем деп едім! Немесе: Желп-желп еткен ала ту, Жиырып алар күн қайда?Орама мылтық, тарс ұрып, Жауға аттанар күн қайда?Жалаулы найза қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда?(С.Негимов. Махамбеттің шешендігі /Махамбет және әдебиеттану. Зерттеулер. Алматы, «Арыс» 2004.-82-83-б.б)

Біз танған Махамбет – тәгілген тармақтардың, тегеурінді тіркестердің ұстасы. Мәселен, Махамбеттің «Еділ үшін егестік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылдық, Теңтер үшін төбестік» дегені – нағыз шешен сөздің үздік үлгісі. Махамбет поэзиясының тілі, шын мәнінде, халықтық тіл. Ақынның дауыды жырларының әрбір үзігінен халық даналығы, танымы мен талғамы, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл қазынаның жақұт-жарқылы еседі. Махамбет баба жырлары шешендік тағылымға, ұшқыны ойларға толы. Махамбет ақынның «Тоқарсақтан саз кешіп, Тоқтамай тартып шығарға. Қас үлектен туған қатепті, Қара нар көрек бізділ бүйткен бұл іске» болып келетін жолдарындағы «үлек» сөзінің бірінші мағынасы нар түйенің таза тұқымды бұрасы; екінші мағынасы үлек бота – таза

үлек пен аруанадан туған жалғыз өркешті ерек бота дегенді білдіреді. Бұл орайдағы «қас» күнделікті қолданысымызда біреуге жамандық ойлаушы, өш алушы дұшпан, жау мағынасында, сондай-ақ, әдемі, жорта қастық істеу деген ұғымдарда қолданылады. Ал жоғарғы контексте тым, аса, нағыз деген мағынада «үлек» сөзімен тіркесе келе нағыз таза тұқымды, қаны таза, асыл текті деген мағынада берілген. Ал «қас үлектен туған қатепті» тарпаңындағы «қатеп» тұрмыста жүк баптас үшін нар түйенің үстіне лайықталып жасалған жабдық дегенді аңғартады. Сәйкесінше «қатебі бар нар жүкке мойымайды» деп жатады. Бұл жердегі ақынның суреткерлік шеберлігі соншалық – біздің қолға алған бұл іске нағыз суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін, ешнәрсеге мойымайтын, мақсатынан қайтпайтын хас батыр ғана шыдайды деген мағынаны бір ғана сөзбен орнекті білдіруі ақынның қаншалықты ойының ұшқырлығын, бейнелеу, теңеу сөздерін айқын пайдаланушы, тек құр ұйқас сөз құнай, ақындық нақтылықпен өмір шыңдығын қаз-қалпында қолдан құйғандай етіп поэтикалық көркемдік шыңдыққа айналдыру шеберлігін тайға таңба басқандай аңғартса керек-ті. Бұл реттегі сөздер – ой теңізінің тұңғық түбінен терілген, өлшемдік бітімі, идеялық табиғаты, тілдік қуаты әбден пісіп, ақындағы барын өмірге келген мәржан тіркестер. Демек, Махамбет шешендігінің, шеберлігінің құдіреттілігі, тұынды ларының саф алтындығының бір қыры осында деп білеміз. Не болмаса, «Атқаның қардай боратқан, Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан, Арыстан оған кім өткен?!» («Тарланым») өлең жолдарын алайық. Асылы, қай жазушы, қай ақын болсын, шыңды болмысты образ арқылы суреттейді. Жоғарыдағы контекстегі «көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тіркесі арқылы ақын хас батыр образын тұдырып тұр. Күнделікті тұрмыста «көк шыбық» – ағаштың бұтағы, жапырағы жоқ, ұзын да жіңішке, солқылдақ жас өркен. Алайда, «шыбық» сөзінің бұл семантикалық мағынасы ақын тіліндегі «көк шыбық» тіркесінің семантикалық сипатын ашып бере алмайды. Десек те, ақын қолданысындағы мағынаны дәл айтып беру қиындау. Біздіңше, төмендегіше болжам жасауға болады. 1. «Көк шыбық» – бұл қылыш (семсер). Ғалым Қ. Мұқаметханованың сүйенсек, зерттеуші келтірген «Әділ сұлтан» жырындағы «Орақтың ұлы Қарасай, Шалқасқаны мінеді енді. Көк шыбығын бағланып, Гаскерінің Қарасай, Басы болып жүрді енді» үзіндісіндегі «көк шыбық» сөзі «қылыш» мағынасын береді. Олай деуімізге дәлелді негізді татар әдебиетінен табамыз. «Чура батыр хикяте» атты дастанда Шағали ханның қызы Сарқанидың батырлардың арқайсына өз дәрежесіне қарай сыйлық үлестіргені баяндалады. Шора батырға бір алтын қобды береді. Бұл сыйлыққа батырдың көңілі толмай, қобдыны ашып та қарамастан тастай салады. Бірнеше күн шайқасқа шыққан жатып алады. Шағали хан қызы Сарқанидың батырға жолдап, шайқасқа шыққан шалқалай жатуының себебін сұрапты. Сонда Шора батыр Сарқанға: - Мен саған өкпелеп жатырмын, сен маған құр қобды бердің, ал басқа батырларға сауыт бердің, - дейді. Сонда Сарқани сұлу: - Қане, батыр, сол қобдыны ашып қарашы, - дейді. Шора батыр қобдыны ашып қараса, ішінде «Көк шыбық» («Күк чыбык») атаулы қылыш бар екен. Шора батыр муны көріп, қызға риза болып, өскерімен аттанып, дүйім жауды жайратып тастайды. Сойтіп, батырға әдеуі арнап соқтырған әйгілі қиғыр қылыш «көк шыбық» аталып, ерлік жырларында ежелгі мағынаға тірек бола алған. Бұл орайда «көк шыбық» сөзінің мағынасын «жебеу (садақтың оғы) тұрғысында болжауға негіз бар. «Көк шыбық» тіркесінің «жебе» мағынасы «қандыауыз» сөзіне байланысты айшықтала түседі. Қандыауыз сөзінің бірнеше мағынасы бар. Соның бірі – қару-жараққа қатысты. Мысалы, «Тасада мерген кезеңген, Қанды ауызға жолығар» (Ауыз әдебиеті); «Қатынасы биік колдерден, Қатар түзеп құ ұшар. Алғасқа тез оқ ата көрмеңіз, Қандыауыздан сыйлы жебе сайламай» (Шалкиіз); «Аударылмас қара кенедей, Қандыауызға сырлап салған жебедей» («Ер Шобан»). Келтірілген өлең жолдарының мазмұнына қарағанда, қандыауыз – «садақ» ұғымында. Демек, ұзын сөздің қысқасы, Махамбет ақынның «Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тармағындағы ақынның «қандыауызы» сөзі «садақ» мағынасын танытса, «көк шыбық» тіркесі «жебе» мағынасында жұмсалады. Демек, «Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тұрғысындағы өлең тармағы нағыз батыр қолбасшының сөз өнеріндегі мәңгілік бейнесі. Ақын қайталанбас батыр тұлғасын «көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тіркесі арқылы биік мәртебеге көтерген, қайталанбас образ тұдырған. Ал әр сөзін орынды, дәл ме дәл төе білу ақынның дүлділдігін, сөз ұсталығын тағы бір айқындай түссе керек-ті... Олай болса, бұл бағыттағы ізденісті зерттеушілер тізбегі кейінгіге жетсе игі (А.С.Қыдыршаев. Махамбет ақынның шешендігі // «Исатай-Махамбет» журналы, Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ, №1, қазан 2015 ж.,- 34-37-б.б.).

Қуанарлығы – асыл сөздің ажарын алыстан аңғарып, сөзді өжеттен кие тұтқан халқымыздың рухани әлемінде Махамбеттің жауһар жырларының жұдығы қашан да биіктігі. Біреген феномен құбылыстың кейінгі ақындарымыздың қай-қайсысының да кеуделерін күмбірлетіп, өлеңнен өрім өргізуі тегін емес. Мәселен, еліміздің көрнекті ақындарының бірі Рафаэль Ниязбектің дәуілпаз ақын Махамбет бабамыздың туғанына 200 жыл толуы құрметіне арнап 200 өлеңнен тұратын «Махамбеттің майданы» аталатын жыр кітабын қолға алып көрдік пе? Ақынның Махамбет бабамыздың, Исатай батырдың және олардың жауынгер жолдастарының ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып келе жатқан ерлік істерінің бұрынғы мәлім-белгісіз қырларын поэтикалық көркем тілмен, азаматтық пафоспен нам шынайы тебіреніспен жырлағанына куә боламыз. Біздіңше, Рафаэль Ниязбектің «Тендік құмы, алмас қылыш тағынғанда», «Әділ жолдан замана жаңылғанда», «Ат арытып, мұқ кешіп сабылғанда», «Жорық күйлер жыр болып ағылғанда» және «Махамбеттің ор-рухын сағынғанда» дейтін тақырып табиғатына сай ырғақта бұырқанып, шиыршық атқан бес бөлімнен тұратын мұндай еңбектің басылым көруі – бүгінгі қазақ поэзиясындағы елеулі оқиға. Демек, Махамбет рухын пір тұтып, ол күйінсе күйініп, ол күйреңсе күйрепті, ол қаһарға мінін күркіреп күркіреп, оның от-жалынға оранған өмір өткелектері жайында жыр-толғау тұлғаған ақынның шабытты еңбегі қандай мадақта да лайық. Ал ақын толғауларының үзіктері де сом әрі бірегей. Кейбірі: «Махамбет – ұлт намысы; «Не десе егер Ерлікті, Махамбет дер ем ойлағай!»; «Махамбет рухын пір тұтып...»; «Уа, Махамбет, айбарлым!»; «Бұрқақ атқан Ар-намыс болсаң егер, Айналмайсың, жан баба, қалай жырғаң»; «Жер мен көктің арасын жауынға орап, Оқығанда кеудеме ұрт кіреді»; «Серттен тәймас ер едің Ар ойлаған»; «Жұрық алмас семсердей өткір еді, Содан менің көңілім көп тұледі»; «Асқақ рухы қазақтың, Махамбет болып сомдалған»; «Жанарыма жарқ етіп шоқ түседі, Ойлы көзбен жырыңа үңілгенде»; «Бұлыршындай мұзға жығылған, Махамбет серттен тайып па?»; «Нарын – қанды ұрыстта мың өліп, мың тірілген көзсіз батыр өлкесі»; «Исатай-Махамбет-ұлт рухы»; «Махамбет – ор рухтың байрағы, ерлердің намыс қайрағы»; «Нарын – ғасырлар ерлігін арқалаған өлке»; «Махамбеттің ар жыры – бір жебе, кеудесіне қаданған Қаруылықтың»; «Үй жақсысы асыл Алаштан, ер жақсысы арлы ағаштан»; «Махамбеттің сарқыты - мен шығармын, қамшысының ұшы боп туйіндеген».(Ниязбек Р. Махамбеттің майданы. Өлеңдер. Алматы, «Арыс», 2003). Біздіңше, Махамбет сынды ақын тұындыларынан рухани қуат алу, өлең құдіретін, қасиетін сезіну, рухани құншылықтар тұңғиығына терең бойлау – ұлтымыздың рухани жаңғыруының алғышарты.

Демек, Махамбет – 1836-46 жж. ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі ғана емес, оның жалынды жаршысы, жауынгер шешені. Қазақ халқының соңғы тұстағы сөз атасы атанған Майқы биден, ой меңзегіш Мәнке, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген Едіге, «өз» атанған Төле, Қазыбек, әйтеке лерден, атақты Сырымнан бергі шешендік дәстүрді жалғыда тоқып ұйреген халық батыры, ойшыл Махамбет шешендік өнерді ел қанаушы-тонаушыларға қарсы халық кетерілісінің идеялық қаруына айналдырған, отты тұйғын жырларына ұластыра келе, классикалық поэзия дәрежесіне көтерген.

Қысқасы, бүгінгі ел үшін еңбек етер патриот кәсіби маман болуда халық даналығының қайнар бұлағы ұлттық шешендік сөздерінен нәр алудың, Махамбет сынды қайталанбас құдіретті тұлғалы шешенінің, ақынының тұңғық мағынаға толы өлең-толғауларын үлгі тұтудың бағасы теңдесіз. Тұйін сауал – Махамбет сынды біртуар бабамыздың таныпболдық па? Біздің мақсат – «аз сөйлер де көп тыңдар қас асылдың баласы» деп, Махамбет ақын айтқандай, баба мұрасының тұңғиығына бойлай түсу, кейінгі ұрпақтың ақын рухы мен жалынды сөздерінің мәңгі өлмес қазынасынан сусындауы. Осы жолда баршамызға Исатай-Махамбет бабаларымыздың рухы жар болғай!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі.